

ЖАОК бағдарламасы

Жаппай ашық онлайн курстың атауы	Бастауыш мектепте музыкалық тәрбие беру теориясы мен технологиясы	
ЖАОК ұзақтығы	3 кредит	
Семестрге арналған курстың тақырыптарының (дәрістерінің) реттелген тізімі	1. Музыка-өнердің түрі және тәрбие құралы 2. Бастауыш сыныпта музыка түрлерін оқыту 3. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған Музыка бағдарламалары 4. Бастауыш сыныптағы музыка сабағы 5. Болашақ музыка мұғалімінің музыкалық қызметке даярлығы 6. Музыка сабағындағы іс-әрекет түрлері 7. Хормен ән айту 8. Балалар дауысы және олардың ән айту дағдыларын қалыптастыру. 9. Бастауыш сыныптағы музыкалық сауаттылық 10. Нота әліппесі 11. Музыкалық ұзақтық және өлшем 12. Музыкалық белгілер 13. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту 14. Музыкалық оқу іс - әрекеттерінде музыкалық ойындарды және музыкалық аспаптарды жүйелі түрде пайдалану 15. Музыка сабағындағы инновациялық технологиялар	
ЖАОК тілі	Қазақша	
Әзірлеуші университеттің толық атауы	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.	
Курстың авторы		-Мусағалиева Гульнур Бактығалиевна -Педагогика факультеті, мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы БББ - аға оқытушы - магистр
Автордың жарнамалық бейнесі	 https://youtu.be/bnjkQ5btr6c	
Оқу нәтижелері бар ЖАОК қысқаша сипаттамасы	Бұл курс болашақ бастауыш сыныптың музыка мұғалімдеріне арналған. Курс міндеті: -Білім алушылардың пән мазмұны, оның бөлімдері, бағыттары туралы түсініктер алуларына мүмкіндік туғызу; -Білім алушыларға музыкалық жұмыстың әдістемесін меңгерту; -музыкалық қызметке қажетті кәсіби педагогикалық сапасын қалыптастыру -бастауыш мектепте музыкалық тәрбие теориясын оқыту мәселелері бойынша өз бетімен білім алуға қажеттілікті қалыптастыру; -Инклюзивті білім беру беруде мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың музыкаға деген сүйіспеншілік пен құштарлықтарын ояту. Оқытуда күтілетін нәтижелер -Білім алушыларды алуан түрлі музыкалық шығармалармен таныстырып, олардың музыкалық қабілеттерін, қабылдауын, әсерлерін байыту. -Бастауыш мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамыту, міндеттеріне бағдарлай отырып, музыка сабағын ұйымдастыра білуі. -Сыни және шығармашылық ойлауды дамыту бойынша мектеп жасындағы балалармен сабақтар өткізе алуы Курс аяқталғаннан кейін білім алушы білуі керек: • Музыка теориясы мен музыка әдістемесін білуі; • Музыка саласында инновациялық және интерактивті әдістерді пайдалана білуі; • Музыкалық терминдерді, музыкалық шығармаларды, балалар композиторлары мен балалар әндерін білуі. Курс аяқталғаннан кейін білім алушы жасай алуы керек: • Музыка сабақтарын және сабақтан тыс жұмыстар мен іс-шараларды өткізе алуы; • Оқу бағдарламасындағы әндерді орындау алуы;	

	• Дирижерлық қимылдар, музыкалық аспаптарда ойнап, ырғақты би қимылдарын жасай алуы; Игерілетін дағдылар: • Нота сауаттылығы; • ән айту дағдылары; • музыкалық-ырғақтық қимылдар; • музыкалық немесе балалар аспабында ойнау дағдылары.
ЖАОК бағдарламасы	(Силлабус) https://open.wku.edu.kz/

Онлайн курстың авторы:



Мусағалиева Г.Б.